

3

Алға жетелейтін күш – жаңа жүйеден сескенбейтін сана



6

Ана тілін ұлықтаған тағылымды шара





Сыр бойы

№132-133 (21207-21208) 5 қыркүйек, сенбі 2026 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

- www.facebook.com/syrboyi.kz

www.instagram.com/syrboyi_kz

t.me/syrboyi_kz

twitter.com/syrboyi

/// «ДАЛА КҮНІ – 2026»

АЛҚАПТЫҢ СӘНІ – АЛТЫН ДӘН



Суреттерді түсірген Бағдат ЕСЖАНОВ

Егіннің ебін білетін еңбеккерлер білек сыбанып шешуші науқанға кірісті. Облыс аудандарында түгелге дерлік жаппай күрішке орақ түсіп, күміс дәнді ысырапсыз жинап алу қарекеті басталды. Жылда дәстүрге сай өтетін «Дала күні» іс-шарасы осы жолы «Қарауылтөбе» ауылдық округіндегі Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының егін алқабында салтанат құрды.

Диқандардың игі шарасына облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев, Ауыл шаруашылығы вице-министрі Ермек Кенжеханұлы, Су ресурстары және ирригация вице-министрі Жандос Салимов, Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығының басқарма төрағасы Бауыржан Асанов, министрлік өкілдері, еліміздің жетекші ғылыми-зерттеу институттарының басшылары, қала және аудан әкімдері, облыстық басқармалар мен департаменттердің басшылары, су шаруашылығы мекемелері мен шаруа қожалықтарының төрағалары, қаржы институттарының өкілдері қатысты.

2-бет

/// «ҚҰМКӨЛГЕ» – 40 ЖЫЛ

МҰНАЙШЫЛАРДЫҢ МЕРЕЙЛІ БЕЛЕСІ

Кеше Мұнайшылар күні аясында «Құмкөл» кен орнының өнеркәсіптік игерілуінің 40 жылдығына арналған «Құмкөл: Қара алтын шежіресі» атты салтанатты шара өтті. Облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев мұнай саласының ел экономикасындағы маңызын атап өтіп, мамандарды кәсіби мерекемен құттықтады.



2-бет

/// БҮГІН – ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ ТІЛДЕРІНІҢ КҮНІ

«ТІЛ. БІРЛІК. БОЛАШАҚ»

Қазақстан халқы тілдері күні мерекесіне орай облыстық қоғамдық даму басқармасының ұйымдастыруымен «Тіл. Бірлік. Болашақ» атты облыстық форум өтті.

«Достық үйінде» өткен мерекелік жиынға облыс әкімінің орынбасары Мейрамбек Шермағанбет қатысты. Жиынның ашылуында сөз алған ол қатысушыларды мерекемен құттықтап, форум жұмысына сәттілік тіледі. Сөзінің барысында форум тақырыбының мазмұнын тарката келіп, тілдің тек қарым-қатынас құралы емес, қоғамның бірлігі мен тұрақтылығына тікелей ықпал ететін күш екенін атап өтті. Бұл орайда Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған кітап оқу мәдениетін қалыптастырудың

маңызы зор екеніне тоқталды. Бүгінгі жастар ғұлама Абайдан бастап, қазақ классиктерінің, әлем ойшылдарының сөздерін оқып, ұлт руханиятын ұғынып, таным көкжиегін кеңейтуі қажет екенін айтты. – Мемлекеттік тілді тек жиында талқыламай, күнделікті өмірде, білім мен ғылымда, бизнесте, мәдениетте және жаңа технологияда қолдануда өз үлесімізді қосуымыз керек, – деді облыс әкімінің орынбасары. Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы қоғамдық бірлестігі облыстық филиалының

төрағасы Абайбек Жүнісов бірлестіктің бүгінде атқарып отырған жұмыстарынан хабардар етті. Айтуынша, өзге өңірлермен салыстырғанда, бізде бұл бағыттағы жұмыстар жүйеленген. Жиынның күн тәртібіне сәйкес мемлекеттік тілдің медиа саласында, жастар тәрбиесінде, заманауи технологиялар мен цифрлық кеңістікте алатын орны мен рөлі бағытында баяндама жасаған облыстық «Сыр бойы» газетінің бас редакторы Қуат Шарабидинов мемлекеттік тіл қолданысында, оның мәртебесін нығайтуда мерзімді басылымдардың орны бөлек екеніне тоқталды.

2-бет

«ӘДІЛЕТТІ ҚОҒАМҒА – ШЫНШЫЛ СӨЗ»

Бейсенбіде «Студенттер сарайында» Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Әділетті қоғамға – шыншыл сөз» атты кітабын талқылауға арналған өңірлік деңгелек үстел өтті.

Алқалы жиынды облыс әкімінің орынбасары Мейрамбек Шермағанбет жүргізді. Оған зиялы қауым, мемлекет және қоғам қайраткерлері, ғылыми-академиялық орта өкілдері, заңгерлер мен белсенді жастар қатысты.



Жиында Мемлекет басшысының еңбегінде көтерілген негізгі тақырыптар, қоғамдық-саяси, әлеуметтік, рухани-адамгершілік мәселелер мен ел дамуының стратегиялық бағыттары жан-жақты талқыланды.

Мемлекет және қоғам қайраткері Мұрат Бактиярұлы «Әділетті Қазақстан, Таза Қазақстан, халықаралық саясат» атты баяндамасында еліміздегі жүйелі реформалар, қоғамдық жауапкершілік және экологиялық бастамалардың өзара сабақтастығына тоқталды.

2-бет

/// БӘРЕКЕЛДІ!

ҚЫРЧЫН ЖАЙЛАУЫНДАҒЫ АЛАМАН СЫРДЫҢ ҚОС АҚЫНЫ ТОП ЖАРДЫ

Бауырлас Қырғыз елінде өтіп жатқан Көшпенділер ойыны аясында қазақ-қырғыз ақындарының VI халықаралық айтысы ұйымдастырылды. Оған екі елден 16 ақын қатысып, үш күн бойы сөз сайысының көрігін қыздырды.

Қазақ-қырғыз айтысының тамыры тым тереңде жатыр. Көршілес екі елдің ынтымағы мен татулығын, бірлік-берекесін жырлаған Сүйінбай мен Қатаған, Жамбыл мен Тоқтағұл ақындардың дәстүрі бүгінге дейін жалғасын келеді.

Қырчын жайлауындағы аламанды Сыр елінің қос ақыны Мейірбек Сұлтанхан мен Мұхтар Ниязов бас жүлде мен I орынды қанжығаға байлады. Ақындар дәстүр сабақтастығын жалғап, алыптардың айнымас достығын, татулығын, сыйластығын жырлады. Орамды ой, айшықты тіркес, өзіндік мақамымен көрермен көңілін серпілткен қазақ айтысының жүйріктерін, Сыр саядақтарын жерлестері құттықтады.



Валюта баға­мы \$ 455,86 kzt € 528,84 kzt ₸ 5,25 kzt

Ауа райы: Сенбі ☀️ +30° 🌙 +17° | Жексенбі ☀️ +30° 🌙 +17°

ҮКІМЕТ ҚҰРАМЫ ЖАСАҚТАЛДЫ

Дүйсенбі күні Құрылтайдың жалпы отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Үкімет басшысы лауазымына Олжас Бектеновтің кандидатурасын ұсынды. Сол күні Президент тиісті Жарлыққа қол қойып, Олжас Бектенов Премьер-министр лауазымына қайта тағайындалды.

Одан кейін апта ағымында Премьер-министрдің орынбасарлары мен министрлер толықтай тағайындалды. Министрлердің басым бөлігі қызметінде қалса, бірқатар салалардың министрлері ауысты. Бұл туралы ҚазАқпарат мәлімдеді.

Сонымен Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің бірінші орынбасары лауазымына Нұрлыбек Нәлібаев тағайындалды. Президент қол қойған Жарлықта: – Нұрлыбек Машбекұлы Нәлібаев Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің бірінші орынбасары лауазымына тағайындалсын, – делінген. Бұл қызметті биылғы мамыр айынан бастап атқарған Нұрлыбек Машбекұлы енді осы лауазымын жалғастырады.

Сонымен қатар, Ғалымжан Қойшыбаев та қызметінде қалды. Ол Премьер-министрдің орынбасары – Үкімет Аппаратының басшысы болып тағайындалды.

Ал Қанат Бозымбаев Премьер-министрдің орынбасары болып қала берді.

Серік Жұманғарин де бұрынғы жұмысын жалғастырады. Президент Жарлығымен ол Премьер-министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі қызметіне қайта тағайындалды.

ҚР Сыртқы істер министрі қызметін енді Мұхтар Тілеуберді атқарады.

Ол бұған дейін Қазақстан Республикасының Аустрия Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі, Қазақстан Республикасының Вена қаласындағы халықаралық ұйымдар жанындағы Тұрақты өкілі қызметін атқарды.

Ал Мұрат Мұханов Төтенше жағдайлар министрі болып тағайындалды.

Ол 2024 жылдың сәуір айынан бастап ҚР ТЖМ Маңғыстау облысы Төтенше жағдайлар департаментінің бастығы болатын.

Экология және табиғи ресурстар саласына да жаңа министр келді. Мемлекет басшысының Жарлығымен Әлібек Сакенұлы Қуантыров Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрі болып тағайындалды.

Сонымен қатар, Мәдениет және ақпарат саласына жаңа министр тағайындалды. Енді бұл лауазымды Арман Қырықбаев атқарады. Ол бұған дейін ҚР Президентінің ішкі саясат мәселелері және коммуникациялар жөніндегі көмекшісі болды.

2025 жылдың маусым айынан бастап Қорғанис министрі болған Дәурен Қосанов сол лауазымына қайта тағайындалды.

Мемлекет басшысының Жарлығымен Ержан Сәденов те орнында қалды.

Ол – 2023 жылдан бері Ішкі істер министрі.

Ал Жаслан Мәдиев Жасанды интеллект және цифрлық даму министрі лауазымына қайта тағайындалып, осы бағыттағы жұмысын жалғастырады.

Қаржы секторының басшысы да ауысқан жоқ. Мәди Такиев Қаржы министрілігін одан әрі басқара береді.

Көлік саласында да ауыс-түйіс болған жоқ. Президент Жарлығымен Нұрлан Сауранбаев Көлік министрі қызметінде қалды.

Ал Ерлан Сәрсембаев Әділет министрі болып қайта тағайындалды. Сонымен бірге, Ерлан Аккен-женов Энергетика министрі болып қайта тағайындалды.

Ерсайын Нағаспаев та жұмысын жалғастырады. Ол – Өнеркәсіп және құрылыс министрі. Былтырғы қыркүйектен Оқу-ағарту министрі болған Жұлдыз Сүлейменова Президент Жарлығымен саланы одан әрі басқара береді.

Сауда және интеграция министрі де ауысқан жоқ. Бұл лауазымға Арман Шаққалиев қайта тағайындалды. Ал Нұржан Нұржігітов Су ресурстары және ирригация министрі ретіндегі қызметін жалғастырады.

Президент Жарлығымен Ақмарал Әлназарова Денсаулық сақтау министрі қызметіне қайта тағайындалды. Сондай-ақ, Айдарбек Сапаров Ауыл шаруашылығы министрі қызметіне, Асқарбек Ертаев ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі қызметіне қайта келді.

Ербол Мырзабосынов та Туризм және спорт министрі лауазымында қалса, Саясат Нұрбек Ғылым және жоғары білім министрі ретінде одан әрі жұмыс істейді.

Айта кетейік, бұған дейін Аида Балаева жаңа қызметке тағайындалған болатын.

Күні кеше бұрынғы төтенше жағдайлар министрі Шыңғыс Әрінов Алматы облысының әкімі болып тағайындалды.

«ӘДІЛЕТТІ ҚОҒАМҒА – ШЫНШЫЛ СӨЗ»



Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің басқарма төрағасы – ректоры, облыстық қоғамдық кеңес төрағасы Наурызбай Байқадамов өз баяндамасында бәсекеге қабілетті ұлт қалыптастырудағы сапалы білім, ғылым мен тиімді мемлекеттік басқарудың маңызын атап өтті.

Қазақстан Жазушылар одағы облыстық филиалының төрағасы Қаршыға Есімсейітова «Тарих, мәдениет және руханият туралы пайымдар» тақырыбында ұлттық құндылықтарды

сақтау, тарихи сананы жаңғырту және рухани сабақтастық мәселелерін ортаға салды.

Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы Қызылорда облысы бойынша филиалының директоры, заң ғылымдарының кандидаты Ақзада Мадалиева «Конституция және Заң мен Тәртіп» тақырыбындағы баяндамасында құқықтық мемлекетті нығайту, заң үстемдігін қамтамасыз ету және азаматтық жауапкершілікті арттыру мәселелерін саралады.

1-бет

АЛҚАПТЫҢ СӘНІ – АЛТЫН ДӘН



Аймақ басшысы еңбеккерлерді құттықтап, биылғы жауапты науқанға дайындық барысында атқарылған жұмыстарға тоқталды.

– Сыр елі – ежелден диқаншылық дәстүрі орныққан берекелі өңір. Ақ күршімен аты шыққан аймақ бүгінде еліміздің азық-түлік қауіпсіздігіне елеулі үлес қосып келеді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы жаһандық азық-түлік нарығында бәсекеге қабілеттілікті арттыру үшін ғылымды дамытуды, соның ішінде тұқым шаруашылығын жандандыруды атап өткен болатын.

Басты міндет – дәстүрлі саланың әлеуетін заманауи технология, ғылым және инновациямен сабақтастырып, су ресурстарын тиімді пайдалану арқылы мол өнімге қол жеткізу. Бұл ретте мемлекеттік қолдау мен ғылым мүмкіндігін шаруалардың тәжірибесімен ұштастыру маңызды. Барша диқан қауымын күршіске орақ түсуімен құттықтаймын! Еңбектеріңіз берекелі болып, ақ күршістен мол өнім жиналсын. Сыр өңірінің ырысы арта берсін! – деді Мұрат Нәлқожаұлы.

Жиында Ауыл шаруашылығы, Су ресурстары және ирригация вице-министрлері, Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығының басқарма төрағасы, облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының басшысы Талғат Дүйсебаев, «Ер-Әлі» шаруа қожалығының төрағасы Әліби Бекжанов сөз сөйлеп, саладағы өзекті мәселелерге қатысты өз пікірлерін білдірді.

Басқосуда ала жаздай аппап ыстықта мандай терін төгіп, ел ырысын еселеген мәртебелі еңбек адамдары марапат төрінен көрінді.

Атап айтқанда, бірқатар азаматқа «Қызылорда облысының дамуына қос-

1-бет



МҰНАЙШЫЛАРДЫҢ МЕРЕЙЛІ БЕЛЕСІ

Мұнай-газ саласын дамытуға қосқан елеулі үлесі мен өндірістік қызметтегі жоғары жетістіктері үшін сала мамандары мемлекеттік және салалық марапаттарға ие болды.

Атап айтқанда, мұнайшыларға «Құрмет» ордені, Қызылорда облысының Құрмет грамотасы, III дәрежелі «Еңбек данқы» ордені, «Үздік мұнайшы» төбелгісі, «ҚазМұнай-Газ» ҰК» АҚ естелік белгісі мен Құрмет грамотасы, «CNPC Kazakhstan» компаниясының Құрмет грамотасы, сондай-ақ «Құмкөл» кен орнының 40 жылдығына арналған мерейтойлық медаль табысталды.

Өңірде мұнай компанияларының қолдауымен әлеуметтік нысандар салынып, инфрақұрылымдық және әлеуметтік жобалар жүзеге асуда. «ҚазГ ермұнай» компаниясының де-меушілігімен «Оқушылар сарайы», «Сауте Ойл» компаниясының қолдауымен музыкалық колледж ғимараты жатақханасымен бірге бой көтерді. Ал «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ жыл сайын қайырымдылық шараларына 150

млн теңгеден астам қаржы бөліп келеді.

Мұнай компаниялары қоршаған ортаны қорғауды басты назарда ұстап, зиянды қалдықтарды ауаға таратпау, «жасыл» технологияларды өндіріске енгізу бағытында маңызды жобаларды жүзеге асырды. Жаңа кеніштерді анықтау мақсатында шөгінді бассейндерді зерттеу қарастырылған. Арал шөгінді бассейнінде геологиялық зерттеу жұмыстары 2024 жылдың желтоқсан айында аяқталып, шамамен 1,1 млрд тонна көмірсутек қоры анықталды. Ал Сырдария шөгінді бассейнін зерттеу жалғасуда. «СаутеОйл» компаниясы тақтас мұнайын дәстүрлі емес тәсілмен өндіру үшін дайындық жұмыстарын бастады.

Мерекелік шараларда көрермендерге арнайы концерттік бағдарлама ұсынылып, ән мен күйден шашу шашылды. Эстрадалық-симфониялық оркестр, «Сыр самалы» вокалдык-аспапты және «Томирис» би ансамбльдері өнер көрсетіп, кеш мазмұнын аша түсті.

1-бет

«СБ» ақпарат



«ТІЛ. БІРЛІК. БОЛАШАҚ»

– Газет, журнал тасқа басылатын дереккөз. Ол сүзгіден өтіп барып қана жария етіледі. Тілдің құнары мен ойлау жүйесінің орнықты сипаты да осы баспаға тән. Әлемге миллиондаған данамен тарайтын басылмалар осындай құндылықты жеткізудің әрі өз тілінің мәртебесін асырушы, – деді ол.

М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінің директоры Жақсыгүл Тоғанованың баяндамасында жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру тұрғысында негізгі мәселелер жан-жақты қамтылды.

– Жас ұрпақтың болмысын қалыптастыратын негізгі құндылықтардың бірі – тіл. Тіл – адамның ойлау мәдениетін, дүниетанымын, ұлттық жады, мінезін, қоршаған ортаға деген көзқарасын қалыптастыратын рухани негіз. Сондықтан жастар тәрбиесіндегі тіл мәселесін тек тіл мамандарының кәсіби міндеті ретінде қарастыру жеткіліксіз. Бұл – отбасына да, білім беру ұйымдарына да, зиялы қауымға да, жалпы тұтас қоғамға ортақ жауапкершілік, – деді ол.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің Жасанды интеллект институтының директоры, э.ғ.к. кандидаты Нұрлан Құлмыр-

заевтың баяндамасында уақыт талабына сай ақпараттық жүйеде жасанды интеллектті пайдалану және оның қазақ тілді бағытын жетілдіруге байланысты өзекті мәселелер айтылды.

Жиында зиялы қауым өкілдері, тіл жанашырлары, қалалық, аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімдерінің басшылары мен тіл мамандары, облыстық басқармалар, департаменттер мен инспекциялардың мемлекеттік тілге жауапты қызметкерлері, жоғары және арнаулы орта оқу орындарының басшылары, «Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы» ҚБ облыстық, аудандық филиал төрағалары, этномәдени бірлестіктердің, жастар және БАҚ өкілдері қатысты. Форумды облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы Руслан Қаюпов жүргізді.

Форум соңында облыстағы бірқатар тіл жанашырлары мен сала мамандары ҚР Ғылым және жоғары білім министрілігінің Құрмет грамотасы және Алғыс хатына, облыс әкімінің Алғыс хатына ие болды. Сондай-ақ, тілдерді дамыту бағытында атқарған жұмыстары мен жетістіктері үшін 5 номинациямен түрлі сала ұжымдары марапатталып, қаржылай сый жасалды.

Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»

1-бет

/// ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

ӨНДІРІСТІК ЖОБАЛАР ТАЛҚЫЛАНДЫ

Осыдан біршама уақыт бұрын Қызылордада әлемге әйгілі испандық «Rosa Group» компаниясының санитарлық-техникалық жабдықтар зауытының іргетасы қаланған еді.

Облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев «Rosa Group» компаниясының басшысы Даниэль Эрнандеспен кездесті. Кездесуде санитарлық-техникалық бұйымдар зауытын салу және компанияның өндірістік жобаларын жүзеге асыру мәселелері талқыланды.

Зауыттың эскиздік жобасы таныстырылды. Жобаны іске асырудың негізгі кезеңдері, нысанды орналастыру, қажетті инфрақұрылыммен қамтамасыз ету және өндірісті ұйымдастыру жайы нақтыланды.

Биыл тамыз айында Премьер-министрдің бірінші орынбасары Нұрлыбек Нәлібаевтың облысқа жұмыс сапары кезінде жыл соңына дейін смесительдер мен инсталляциялық жүйелерді құрастыру желісін іске қосу жоспарланғаны айтылған болатын. Компания басшылығы осы жылдың соңында құрастыру желісі іске қосылатынын атап өтті.

ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ЖҮЙЕ: ТЕНДЕССІЗ ЖОБА

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес Қызылорда қаласында заманауи технологиялар негізінде жаңа жылу-электр орталығы іске қосылды. Жобаның ерекшелігі – бір мезетте 240 МВт электр және 277 Гкал жылу энергиясын өндіруге мүмкіндік беретін қуатты энергетикалық нысанның бой көтеруі. Құны 215 млрд теңгені құрайтын жоба Қызылорда облысының энергетикалық жүйесін жаңғыртудағы теңдессіз бастамалардың бірі саналады. Қазіргі таңда 150 тұрақты жұмыс орны құрылды, штаттық режимде жұмыс жасауда.

Облыс әкімі Мұрат Ерғешбаевтың төрағалығымен өткен мәжілістің күн тәртібінде «Akса Energy Qyzylorda» серіктестігінің қызметі қаралды.

Ауқымды жоба өңірдің энергетикалық қуатын арттырып, қала тұрғындарын тұрақты электр және жылу энергиясымен қамтамасыз етуге бағытталған.

Мәжілісте жобаның тиімділігін арттыру және энергетикалық нысанның тұрақты жұмысын қамтамасыз ету мәселелеріне де назар аударылды.

Бұл – Қызылорда облысының энергетикалық әлеуетін жаңа деңгейге көтеретін, заманауи инфрақұрылымды қалыптастыруға және өңірдің инвестициялық тартымдылығын арттыруға бағытталған стратегиялық маңызы зор жоба.

Облыс әкімдігі алдағы уақытта да энергетика саласындағы ірі инвестициялық жобаларды қолдап, өңірдің тұрақты дамуына қажетті инфрақұрылымды жетілдіруді жалғастыра береді.

ЗАУЫТ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

«Абзал и К» серіктестігінің толық автоматтандырылған күріш өңдеу зауыты іске қосылды. Бұл – өңірдің өңдеу өнеркәсібін дамытудағы ірі жобалардың бірі. Заманауи кәсіпорынға 1 млрд теңге қаржы салынған, өндірістік қуаты 2,5 есе артып, қалдық көлемі 3-4 пайызға дейін азайды. Зауыт сағатына 12 тонна күріш өңдеуге қауқарлы.

Компания Сырдария ауданында 3 мың гектарға жуық күріш егіп, өндірілген өнімді өз кәсіпорнында өңдеп, ақталған күріш және дайын өнім түрінде нарыққа шығарады.

Өндірістік процесс толық цифрландырылып, барлық технологиялық кезең автоматтандырылған жүйе арқылы басқарылады. Өнім сапасы онлайн режимде бақыланады. Сонымен қатар күн-электр станциясы іске қосылып, экологиялық жағынан тиімді «жасыл» технология енгізілген.

Бүгінде кәсіпорын өнімінің 50 пайызы ішкі нарыққа бағытталса, қалған 50 пайызы ТМД елдерімен қатар, Моңғолия мен Иракка экспортталады. Бұл күрішті терең өңдеуге, отандық өнімінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға және экспорттық әлеуетті күшейтуге мүмкіндік береді.

Жалпы биыл Қызылорда облысында ауыл шаруашылығы дақылдары 193,7 мың гектарға егілді. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, күріш алқабы өткен жылмен салыстырғанда 10,9 мың гектарға қысқарып, биыл 70,1 мың гектар болды. Қазір егістіктің 2,9 мың гектары гүлдену, 14,3 мың гектары сүтті пісу, ал 52,8 мың гектары балауыз пісу кезеңіне өтті, 65,2 мың гектардың немесе 93 пайызының суы байланды.

Аймақта күріш жинау жұмыстары қарқын алды. Қызылорда республикадағы күріш өндірісінің негізгі орталығы саналады. Еліміздегі күріштің шамамен 90 пайызы осында өндіріліп, 35-40 пайызы экспортқа бағытталады.



/// 2026 – ЦИФРЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖЫЛЫ

АЛҒА ЖЕТЕЛЕЙТІН КҮШ – ЖАҢА ЖҮЙЕДЕН СЕСКЕНБЕЙТІН САНА

2026 жылды Цифрландыру және жасанды интеллект жылы деп жариялаған Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елдің технологиялық дамуына жаңа міндет жүктеді. Бұл шешім цифрлық технологияларды жекелеген саланың құралы ретінде емес, экономиканы, білімді, мемлекеттік басқаруды және күнделікті өмірді жаңғыртатын маңызды тетік ретінде қарастыру қажеттігін айқындады. Ендігі міндет – дайын технологияны тұтынумен шектелмей, оны жасайтын, дамытатын және ел қажетіне бейімдей алатын мамандар дайындау.



Сол бағыттың бір көрінісі Қызылордадағы Қорқыт ата атындағы университетте байқалады. Мұнда Жасанды интеллект институты жұмыс істейді. Оның алдында тек IT маманын даярлау емес, өңірдің нақты проблемаларына технологиялық шешім ұсынатын жаңа буын қалыптастыру міндеті тұр. Институт директоры Нұрлан Құлмырзаевтың айтуынша, бастапқыда Жасанды интеллект жоғары мектебін құру идеясы болған, кейін ол жеке институтқа айналған. Осы кезең Оңтүстік Кореядағы SeoulTech университетімен әріптестік орнаған уақытпен тұспа-тұс келді.

– Біз бұл жұмысты 2023 жылдан бастадық. Сол кезде Жасанды интеллект мектебін ашу туралы ой болды. Кореялық әріптестермен сөйлесіп, олардың оқу жүйесін, технологиялық тәжірибесін, жасанды интеллект бағытындағы жұмысын зерттей бастадық. Дәл сол кезеңде Мемлекет басшысы Қазақстанда ЖИ саласында маман даярлайтын жоғары оқу орындары болуы керектігін айтты. Сондықтан біздің бастамамыз елдегі жалпы бағытпен бірігіп кетті. Алғашында Жасанды интеллект жоғары мектебі ретінде жұмыс бастадық, кейін оны институт деңгейіне көтердік. Оқу жоспарын серіктестерімізбен салыстырып, мазмұнын үйлестіруге тырыстық. Бастапқыда төрт білім беру бағдарламасын мемлекеттік реестрге енгіздік, – дейді Нұрлан Құлмырзаев. – Кейін Data Management және AI Architect секілді жаңа бағыттар қосылды. Қазір бірлескен бағдарламалармен қатар қос дипломдық оқу жүйесі де бар. Студент белгілі бір уақыт Қызылордада білім алып, кейін оқуын Кореяда жалғастыра алады. Кореядан профессорлар келеді, біздің оқытушыларымыз да сол жаққа барып тәжірибе жинақтайды. Жоба шеңберінде әдістемелік материалдар мен ғылыми жұмыстар әзірленіп, материалдық база да біртіндеп күшейіп жатыр. Алғашқы оқу жылында осы бағытқа 100 грант бөлінді, былтырғы оқу жылында 140 грант болды, биыл 135 грант берілді. Бұл көрсеткіштің өзі жасанды интеллект пен IT мамандықтарына сұраныстың бар екенін аңғартады.

Мұндағы басты ерекшеліктің бірі – студентті төрт жыл бойы тек теориямен шектемеу. Білім алушыны бірінші курстан бастап жобаға, стартапқа, практикалық шешімге тарту көзделген. Өйткені бүгін дипломның өзі жеткіліксіз, еңбек нарығы маманның нақты не істей алатынына қарайды.

Сондықтан студенттік жобалар облыстағы нақты мәселелерге бейімделуі тиіс. Бірі киберқауіпсіздікке, бірі білімге, енді бірі ауыл шаруашылығына бағытталады. Жастар түрлі хакатондар мен технологиялық жарыстарда өз жобаларын сынап жүр.

Бұл тәсілдің астарында жаңа буынды тек орындаушы емес, мәселенің шешімін іздейтін маман ретінде тәрбиелеу мақсаты жатыр. Қазіргі цифрлық экономикада адамның қанша формула жаттағанынан гөрі, сол білімін нақты жағдайда қалай қолданатыны маңыздырақ бола бастады. Бағдарлама жазатын маман көп болуы мүмкін, бірақ қоғамдағы мәселені байқап, оған қажетті цифрлық өнімді ұсынатын маманның орны бөлек.

– Біз студентті бірінші курстан бастап бизнес-инкубаторға тіркейміз. Оның бір жобасы болғанын қалаймыз. Бірақ ол жоба тек байқауға апарып көрсететін дүние болмауы керек. Ең дұрысы, облыстағы немесе қоғамдағы нақты бір мәселені шешуге бағытталсын. Студент бірінші курста қарапайым нұсқасын жасайды, кейін оқыған пәндері мен жаңа білімі арқылы оны жетілдіреді. Практикаға барған кезде де тек сырттай бақылап қайтпауы керек, компанияның цифрлық мәселесін көріп, соған шешім ұсынуы қажет. Біз үшін студенттің төрт жылдан кейін қолында дипломмен бірге нақты портфолиосы болғаны маңызды. Жасаған жобасы, жұмыс істейтін өнімі, тапсырыс берушімен жұмыс тәжірибесі болуы керек. Балалар халықаралық конкурстарға, хакатондарға, түрлі IT жарыстарға қатысып жүр. Ондай ортада олар өз деңгейін көреді, басқа командалардың қалай жұмыс істейтінін үйренеді. Және де тәжірибе, жеңілсе де тәжірибе. Біз студенттің дайын бағдарламаны пайдаланып қана отыратын маман болғанын қаламаймыз. Ол мәселені өзі көріп, технология арқылы шешім жасай алуы керек. Ертең жұмыс іздегенде «менің дипломым бар» деп емес, «мен мынаны жасай аламын» деп баруы тиіс. Қазіргі нарық дәл сондай маманды талап етеді, – дейді институт директоры.

Жасанды интеллект институтының Сыр өңірі үшін ең қызықты бағыттарының бірі – ауыл шаруашылығы. Қызылордада технологияның құны оның сөнімен емес, суды қаншалық үнемдейтінімен, шығынды қаншалық азайтатынымен, дикан еңбегін қаншалық жеңілдететінімен өлшенеді. Осы мақсатта AGRIX платформасы әзірленген. Оның идеясы – егістікке қатысты әртүрлі деректерді бір ортаға жинап, шаруаға шешім қабылдауға көмектесу. Мәселен, белгілі бір алқапқа қандай дақыл егу тиімді, егіс мерзімі қашан, ауа райы қандай болуы ықтимал, вегетациялық кезеңде қандай күтім керек – мұның бәрін тарихи және ағымдағы деректермен байланыстырып көрсетуге болады. Бұл диканның тәжірибесін жоққа шығармайды, керісінше оны цифрлық мәліметпен толықтырады. Егер оған дроннан алынған суреттер, топырақ жағдайы, су көлемі мен ауа райы көрсеткіштері қосылса, ауыл шаруашылығын басқарудың басқа деңгейі қалыптасады.



Сыр бойында су – жай ғана табиғи ресурс емес, тіршіліктің өзегі. Сондықтан мұнда жасанды интеллектінің нақты пайдасы



егістіктің жағдайын ертерек бағалау, артық шығынды азайту, болжамды дәлдеу секілді күнделікті шаруадан көрінуі керек. Ғылымның өмірмен тоғысатын тұсы да осы.

– AGRIX платформасының мақсаты – шаруаға дерекке сүйеніп шешім қабылдауға көмектесу. Мысалы, адам келесі жылы белгілі бір дақылды еккісі келеді. Ол жүйеге өзінің локациясын береді. Платформа бұрынғы жылдардың мәліметін, ауа райын және басқа көрсеткіштерді қарап, болжам ұсынады. Қай уақытта еккен дұрыс, қай кезеңде қандай жұмыс жүргізу керек, вегетация қалай өтеді деген мәселелерді жүйелеуге болады. Біз «компьютер диканның орнына шешім қабылдайды» деп отырған жоқпыз. Диканның көп жылғы тәжірибесі бәрібір маңызды. Бірақ сол тәжірибенің қасына нақты дерек қосылса, шешімнің дәлдігі артады. Өңіріміз үшін бұл өте қажет, өйткені бізде су – ауыл шаруашылығының басты мәселесі. Дрондарды да осы бағытта пайдалануға болады. Үлкен алқапты бір адамның аралап шығуы қиын, ал дрон қысқа уақытта көп мәлімет жинайды. Кейін оны жасанды интеллект арқылы талдап, проблемалы аумақтарды анықтауға болады. Қазір бізге компьютерлер мен серверлер келді. Алдағы кезеңде дрондар мен роботтар келеді деп жоспарлап отырмыз. Одан кейін виртуалды технологияларға қатысты жабдықтар қосылады. Біздің мақсатымыз – студент технологияны қолымен ұстап, өзі сынап, өзі бағдарлама жазып көруі. Сонда ғана университеттегі білім нақты экономикаға қызмет етеді, – дейді Н.Құлмырзаев.

Институт мұғалімдермен, мемлекеттік мекемелермен, полиция құрылымдарымен бірлескен оқыту жұмыстарын жүргізеді. Өйткені цифрлық трансформация тек программистің міндеті емес, жаңа құралдың мүмкіндігін мұғалім де, мемлекеттік қызметкер де, кәсіпкер де түсінуі керек.

Киберқауіпсіздік жобалары да осы қажеттіліктен туып отыр. Студенттер кибер-физикте қарсы шешімдер, білім беру мен тіл үйренуге арналған цифрлық өнімдер жасап, түрлі жарыстарда сынап жүр. Кей жағдайда сырттан нақты тапсырыс түсіп, оны студенттердің орындауына мүмкіндік беріледі. Осылайша білім мен нарықтың арасына ертерек көпір салынады. Жас маман диплом алғанша-ақ тапсырыс берушімен сөйлесуді, мәселені түсінуді, нәтижені ұсынуды үйренеді.

Мұның өзі университет туралы қалыптасқан ескі түсініктің өзгеріп келе жатқанын көрсетеді. Бұрын студент төрт жыл білім алып, содан кейін ғана жұмыс іздеуге шықса, жаңа модель оның кәсіби ортаны студент кезінен сезінуіне мүмкіндік береді. Тапсырыс берушінің талабын түсіну, өз еңбегінің бағасын білу, жобаны аяғына дейін жеткізу – оқулықтан ғана үйренетін дағды емес. Ол үшін нақты жұмыс пен жауапкершілік қажет.

Жасанды интеллектің келесі кезені ретінде AI-агенттерге де қызығушылық артып келеді. Н.Құлмырзаевтың пайымдауынша, мұндай жүйелер адамның орнын басу үшін емес, оның уақытын алатын бір-сарынды әрі қайталанатын жұмыстарды өз мойнына алатын цифрлық көмекші ретінде қажет. Қарапайым чат-бот адамның сұрағына жауап берумен шектелсе, AI-агент алдын ала берілген міндетті өздігінен орындап, қажетті ақпаратты жинап, оны саралап, белгілі бір нәтижеге дейін жеткізе алады.

Мәселен, қызметкер іссапарға шығуы керек делік. Бүгінде ол бірнеше саитты жеке-жеке ашып, билет бағасын салыстырады, қолайлы уақытты іздейді, бағыттарды қарайды. Ал арнайы үйретілген AI-агент осы жұмыстың барлығын атқарып, адамның талабына сәйкес тиімді нұсқаларды өзі іріктеп бере алады. Дәл сол секілді кәсіпкерге нарықтағы өзгерістерді бақылау, қажетті мәліметтерді жинақтау немесе күн сайын қайталанатын ақпараттық жұмыстарды жүргізу үшін де жеке агент құруға болады. Мұндай жүйе адамның орнына шешім қабылдамайды, бірақ шешім қабылдауға дейінгі көп уақытты қажет ететін жұмысты жеңілдетеді. Технологияның басты құндылығы да осында – адамды ығыстыруда емес, оның уақытын шығармашылыққа, талдауға және маңызды шешімдер қабылдауға босатуда.

Қорқыт ата университетіндегі Жасанды интеллект институтының алдында үлкен жол тұр. Бірнеше бағдарлама ашу, грант бөлу, сервер мен дрон алу – істің басы ғана. Негізгі нәтиже осы жерден шыққан түлектің не істей алатынымен өлшенбек. Ол Сыр өңірінің суын үнемдейтін жүйе жасай ма, қазақ тілінде жұмыс істейтін технологиялық өнім ұсына ма, ауыл шаруашылығын цифрландыруға үлес қоса ма, әлде халықаралық нарыққа шығатын стартап құра ма – институттың салмағын осы нәтижелер айқындайды.

Қысқысы, уақыт өзгерді, құрал өзгерді, бірақ елді алға бастайтын күш өзгерген жоқ. Ол – білім, еңбек және жаналықтан қорықпайтын сана.

Бағлан АМАНЖОЛ,
«Сыр бойы»

Мен осылай сүйіп өтем өледі

Базаралы Оңталап Ералыұлы – ақын, Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі. 1963 жылы 13 қыркүйекте Арал ауданы Райым ауылдық кеңесі Шабан елді мекенінде дүниеге келген. 1981 жылы Қызылжар ауылындағы №81 мектепті бітірген. Аудандық мәдениет бөлімінде қызмет ете жүріп 1990-1994 жылдары Ақтөбе өнер мектебін сырттай оқыған. Әр жылдары Арал аудандық Н.Кенжеғұлұлы атындағы Мәдениет үйінде автотуб меңгерушісі, Қызылорда облыстық филармониясында еңбек етті.

Осы жылы Қызылорда облысы әкімінің әдебиет және мәдениет саласы өкілдеріне арналған «Тұран» сыйлығымен марапатталды.

«Игілік бастаулары», «Санадағы сәулелер», «Армысыңдар, арулар!», «Ақсұңқар», «Алау» атты жыр жинақтары мен «Толыбай батыр» атты кітабы шыққан. Өлеңдері көптеген жинаққа енген.

Биыл баспадан «101 өлең» атты кітабы жарық көрді. Өлеңдері облыстық, республикалық баспасөз беттерінде жарияланып келеді.

Қазақтың келіндері

Қонағың көңілденсе төріндегі,
Көркейе шуақ шашар көңіл демі.
Даладай дастарқанға нұр сыйлаған,
Жасасын, әр қазақтың келіндері!
Жарасқан әдебі де, ибасы да,
Айналған ағайынның сыйласына.
Абыздар, ақсақалдар батаңды бер,
Жасаған келіндердің сыйлы асына.
Қараған атасының қабағына,
Иілген енесінің сабағына.
Ағайын, құт тілеңдер ақ жүректен,
Әр қазақ келінінің қадамына.
Ақ келін – ақ дастарқан төл егесі,
Бөбегі – әр атаның немересі.
Шаттығы шапырақтың шырайы шыңға,
Кеңейер келіндермен керегесі!

Ақ босаға

Өсірген алақанда көгершінім,
Алдыңда – асуларын, кемел шыңын.
Сен бүгін бақытыңа қанат қақтың,
Алдыңнан құшақ жайсын келер күнің.

Күтеді ақ босаға – шаңырағың,
Баянды бақытыңның сәні жарың.
Ибаң мен ізетіңді қатар ұстап,
Түсірме ұятың мен арыңа мін.

Талпынған бақытына балапаным,
Арайлы атсын қалқам, жаңа таңың.
Өкеннің ұмытпассың тәрбиесін,
Анаңның әлпештеген алақаның.

Баянды, құтты болсын ақ отауың,
Құрметте қайын сіңілі әр атауың.
Біз бүгін тек тілекшің боп қаламыз,
Ендігі ата-енен – Алатауың.

Келеді бақыт деген жасырынып,
Сен оның ардақтысын, асылын ұт.
Артады сый-құрметің ақ отауды,
Жүргенде асыл жардың бәсін ұғып.

Құрақ көрпе

Болатын біздің ауыл мұратты өлке,
Өр үйден қуанатын шырақ көрсе.
«Құралып, шаңырағы ұлғайсын» деп,
Құрайтын кеткен қызға құрақ көрпе.

Өзгерту неткен қиын қонысыңды,
Кенесің, Алла солай жол ұсынды
Өмір даңғыл жол емес, иір-шиыр
Құрақтағы иненің жолы сынды.

Ойсызға құрақ елдің ермегіндей,
Бермей ме шын жарасым төрге гүлдей.
Өмір сүру – бір өнер деп білемін,
Шебердің құрақтағы өрнегіндей.

Батасыз, салтсыз болса ел өспейді,
Тура жол тағдырыңа кеңес кейгі.
Шаңырағы жайқалса ақ отаудың,
Көзіме құрақ көрпе елестейді.

Тұсаукесер

Қырандарша қияға ұшар десіп,
Тайбуырлдай тұлпарды тұсар десіп.
Ағайынмен алакөз болмасын деп,
Ала жіппен жатырмыз тұсау кесіп.

Шаттығыңа соғылсын алақаның,
Қорғайыңа туған ел дала таңын.
«Ала арқанда ағайын болмас» деген,
Барша жұртпен бауыр бол, балапаным!

Иесі бол тұлпардың тұсау шешер,
Баталының бағы да ұшан десер.
Елгезек боп елінің алғасын ал,
Балапаным, бақ болсын тұсаукесер.

Ей, кішкене, болашақ атқамінер,
Ақ жол тілеп тұр міне, шаттанып ел.
Ала жіптен аттамас тура бидей,
Болашақтың бүлдіршін, мақтаны бол.

Менің тілім

Менің тілім – тілі ұлы бабамның,
Ана тілсіз сақаумын һәм наданмын.
Өз тілдің сүйе тұрып анандай,
Тілін білу айып емес ғаламның.

Ата тілім, ана тілім, ғажапсың,
Ұлым барда, ғұрпым барда азатсың.
Күн сөнгенше, тоқтағанша уақыт,
Ана тілі – мәртебесі қазақтың!

Амал келді!

Алақұйын заманда,
Ел-жұрт түгел аманда.
Бауырласып мінеки,
Аман жеттік, Амалға.
Бетті бұрып самалға,
Күлкі үйіріп жанарға.
Сый-құрметке бөлініп,
Аман жеттік, Амалға.

Мың қуаныш саған да,
Шын қуаныш маған да.
Қыстың тонын жібітіп,
Аман жеттік, Амалға.
Нұрға толсын жанарың,
Құтқа толсын алабың.
Жыл айналып келетін,
Құтты болсын, Амалың!

Ақ таңым атты

Бір кездері күй кештім бағасыздау,
Күндер өтті күйбеңмен шарасыздау.
Өкпе артарға Аллаға амалым жоқ,
Оның бәрі бұл күнде бағасыз дау.
Анам кетті, әкем де бақилыққа,
Қайырылуға мұршасыз тату жұртқа.
Қала бердім артында жер шұқылап,
Дегендей «тарпаң тағдыр жасымды ұртта».

Күндер өтті сүреңсіз, сыбағасыз,
(Қалай тағдыр тарпаңын құл аласыз).
Ілекерсіз күн кештім, ілбн басып,
Қалған соң бір інісіз, бір ағасыз.
Күндер өтті сұр өңін мол ұқтырып,
Қол жетпес жақсылыққа желіктіріп.
Келе-келе қосылдым мен қатарға,
Акеділ, жақсы ағалар жолықтырып.
Жайсаң күндер алдымнан жақты шырақ,

Жайрандалдым, осы бір шаттық ұнап.
Жақсы ағалар, өлеңім қуат беріп,
Атой салып ақ таңым атты бір-ақ!

Әкеме

Сағыныш жүрек тербесе,
Жастықты жаттым жастанып.
Көдергі көрдім мен неше,
Өзіңнен әке жас қалып.

Өзінсіз көктем, жаздарым,
Өткені бүгін есімде.
Сіз жайлы жыр да жазбадым,
Артамысың әке, кешуге?

Қолыма ап бүгін қаламды,
Жүректің қылын қозғадым.
Тербетіп ойды, санамды,
Жыр болып жанып маздадым.

Арқа сүйерім анам боп,
Жетімнің күйін кешпедім.
Жүрмедің демен панам боп,
Аз жазсам жырды кеш мені.

Ананың жсайған құшағы

Наурыздың келіп сегізі,
Толқыды тілек теңізі.
Шалқытсын ана көңілін,
Ұрпақтың әрбір лебізі.

Шаттанса ана шаттансын,
Ақ сүті мәңгі ақталсын.
Әлемнің әрбір анасын,
Ұл-қызыменен мақтансын.

Анада жарқын жанар-өң,
Алақан жайсын паң әлем.
Ананың үстем мерейі,
Үйдегі бала-шағамен.

Ананы өріс көремін,
Құндағы «пейіш» дер едім.
Ананың жайған құшағы –
Қанаты періштелердің.

Балдәурен

Білмейтін сылтау, сабырды,
Ойыңа әсте дарынды.
Періште көңіл, пәк тілек,
Сағындым сәби шағымды.

Кекілін самал тербеткен,
Көңілін сан ой өрлеткен.
Сәбілің аңсап тандарды,
Жастыққа жүрмін шөлеп мен.

Өзіңнің ойың сағым-ды,
Өзге ойлар болашағыңды.
Ұсынбас тағдыр тым қатал,
Ханбазар бала шағыңды.

Құлкімен күнді батырған,
Ұйқымен танды атырған.
Балалық шағым, бал күнім,
Қымбатсың маған асылдан.

Ойлының сүрсен өмірін,
Тірлікке артар сенімім.
Жанымда қалдыр бір тілек,
Сәбидің аппақ көңілін.

Сағыныш

Сағындым көк белдерді,
Жастық шақ өткен жерлерді.
Жанымның дауасындай,
Сағындым көк көлдерді.

Сағындым ауыл таңын,
Бұл күнде бағың сағым.



Сағындым шоқтай қызыл,
Анамның бауырсағын.

Сағындым бар бауырды,
Ақ жүрек әнді ауылды.
Төрт түлік иірілген,
Сағындым шаңдағыңды.

Өмірге алған үлгі,
Ақ тілек жандарыңды,
Сағындым туған ауыл,
Өзіндей ардағымды.

Сағындым бұла далам,
Мен қалай жұбана алам.
Сағындым түндік түре,
Ай нұрын сығалаған.

Ақ жаңбыр

Себелеп тұр ақ жаңбыр,
Тамшылары мөлдіреп.
Күркіреп күн салған жыр,
Ақ бұлттары желбіреп.
Майда жаңбыр денеге,
Жып-жылы леп құяды.
Бұлттан әрі төбеде,
Күн сәл нұрын тыяды.
Мінезіңе қанықпыз,
Сен Тәңірдің сыйысың.
Сағынып-ақ қалыппыз,
Ақ жаңбырдың иісін.
Аспан асты түрленіп,
Кемпіркөсак керілді.
Біз де қалдық үлгеріп,
Көтеріп бір көңілді.
Ашып көңіл түндігін,
Бүршік атты арман гүл.
Қандай ғажап күн бүгін,
Жансарайым – ақ жаңбыр.



Толқын

Айдында толқын билеп келеді,
Жағаға жайып етегін.
Ләззәт бүркіп, күй кеп төгеді,
Қосылып желмен екі ерін.

Теніздің беті толқынмен думан,
Шалқыған шаттық шамада.
Ақшабағы мен тортасын қуған,
Сайранды сала шағала.

Ақ мамық көбік ырғатылады,
Бантигі сынды толқынның.
Теніздің беті сырға тұнады,
Сандығы сынды кемпірдің.

Соғылды бір сәт арманын жарға,
Өзгермес тағдыр, кемшінбіз.
Теңіз боп кетсем арманым бар ма,
Төсімде билеп Толқын-қыз.

Атамекен – Аралым!

Жүрек тулап аңсаған,
Арнап саған ән салам.
Арым менің, Аралым,
Өзің ғана – жан саям.
Асқақ бүгін, еңселім,
Артам саған зор сенім!
Мәртебенді ұлықтар,
Ұланымын, мен сенің!
Кіші Аралың – мақтаның,
Ас тұзымен шат жаның.
Заманамен өрістеп,
Арайлап атсын ақ таңың!
Жалын жүрек жастарың,
Сарқылмасын дастаның.

Ән-жырынмен әуенді,
Сенің ашық аспаның.
Әбдіжәмил абызың,
Жазған «Соңғы парызың».
Тарих боп қатталған,
Дәуірлермен сан ізін.
Жаса, Арал мәртебем,
Маған ыстық әр төбен.
Атамекен – Аралым,
Алдым намыс, ар сенен.

Қырғыздың қызы, қарағым!

Қырғыздың қызы, қарағым,
Мен қалай жұбана алам.
Жолаушы жүріп кезіктің,
Еліктей сұлу саналым.

Ретсіз қиял қумадым,
Теңіздей тасып туладым.
Көрініп тұрды көзіңнен,
Қазақпен бірге туғаның.

Ұлғайған жасым шағында,
Отырдың жанып қасымда.
Жүрекке нұрың құйылып,
Орандым оттай жалынға.

Қырғыздың қызы көркіңнен,
Шуақты екен жанарың.
Сөзім де келмей сұрауға,
Атыңды білмей барамын.

Лағын көріп еліктің,
Көзімді алмай қададым.
Мен саған мәңгі тілектес,
Қош енді, қош бол, көріктім.

Мен осылай сүйіп өтем өлеңді

Ымырт түсіп, томағасын түн киді,
Тал-теректер баяу ғана сынсыды.
Жұлдызы әсем, Айы сұлу болған соң,
Осы түн ғой ғашықтарға шын сыйлы.

Темірқазық шығып алып өрге шын,
Ашып көркем Шолпан жұлдыз пердесін.

Ай тұр әні, жұлдыздармен жарасып,
Сәулесіне шомылдырып жер бетін.

Қоңыр түннің ашып кірдім қақпасын,
Бір тылсымның құшағында бакта шын.
Осы түнді ғашығыма арнадым,
Жүрегімде ол да тыныш жатпасын.

Түн ауғанша сыр ағыттық алқына,
Жан ек біздер көнген тағдыр шартына.
Біз тербеткен сан қиял мен арманды,
Ақ қағазға жазды қалам шарқ ұра.

Егестік те, кеңес құрдық көлемді,
Өлең айтты «ой-носерді төк енді».
Күнім алтын, түнім жарқын
болған соң,

Мен осылай сүйіп өтем өлеңді.

Қайырлы түн!

Әр күннің болуы үшін шын дерегі,
Тәңірің тіршілікке нұр береді.
Бір күннің бақытымен тынығуға,
Ұсынып тәтті ұйқысын түн келеді.

Бақ тілеп ауыстырсын Айыңды Күн,
Аманда туыс-бауыр жаның бүтін.
Жанары шұғылалы асыл жандар,
Баршаңа қайырлы түн, қайырлы түн!

Өмірдің бойға жинап бай үлгісін,
Жайсандарым, құшағым жайылды шын.
Өмірдің күліп атсын, о, жамағат,
Әр түннің тілейікші қайырлысын.

Бір күнде жасаймыз-ау, жорық қанша,
Өрлейміз, ортаямыз, толып қанша.
Тәтті ұйқы құшағында тербелейік,
Тәңірдің таңында аман жолыққанша.

Отырмын табиғатты тамашалап

Айдан алқа тағынған аспан анау,
Бұлттан шәлі жамылған асқар анау.
Ақ жаңбырдың тамшысы –
мөлдір-моншақ,
Табиғаттан сұлулық аспаған-ау!

Жер төсіне жамбастап таулар жатыр,
Төбесінде ерке бұлт аунап жатыр.
Құс жолына ұшырып қиялыңды,
Жұлдыздармен сырласып тандарды атыр.

Жетіқаракшыға да назар аудар,
Жүректі саф ауамен тазалау нәр.
Бір сәтке ақ айдыңға қайық жүздір,
Су астында тербелсін сазан аулар.

Сәтті күнді кейінге ысырма түк,
Құр төсекте сарқылар күшiң жатып.
Манағы ауға түскен балықтарды,
Қайығыңа сала бер, тыпырлатып.

Көл – керемет, сұлудың жанарындай,
Ақ толқыны арудың қабағындай.
Кешқұрым жел еседі айдын сүйіп,
Періште қанатының самалындай.

Ай тұр әні, сәулесі көктен құлап,
Жұлдыздар айдан әрі көшкен жырақ.
Көз алдымда бір жұлдыз ғайып болды,
Кетпейді аққан жұлдыз естен бірақ.

Жүреді күнмен, түнмен жараса бақ,
Табиғат тіршілікке дара сабақ.
Өлеңнің арқауына өрнек іздеп,
Отырмын табиғатты тамашалап.

Ақ қанат арман

Үф еткен самал демің боп,
Ашады кеуде сарайын.
Деміңді жұпар емім деп,
Жаныма рахат табайын.

Жанардан саулап ақ сәуле,
Әлемді жарық қыласын.
Жоқ менде сенен басқа әуре,
Махаббатыма мұрасың.

Сезімнің үлбір қылдарын,
Тырыстым әр сәт үзбеуге.
Бүгеді ішке сырларын,
Көктемін аңсап, күз кеуде.

Ақ канат арман самғайды,
Жүрекке жүрек жол соқпақ.
Сезімді көңіл алдайды,
Көктемге қарап жалтақтап.

Күз кеуде, көктем гүлінің,
Сабағын нәрлеп жарытпас.
Осы бір қисық ұғымым,
Кеудемді басқан алып тас.

Көктем ғой шіркін, есер шат,
Шығарар жігіт шырайын.
Көрпемді қалың төсей сап,
Дәтіме қуат қылайын.

Сен барда...

Сен барда ақ таң, нұрлы атқан,
Жанарың жанды жыратқан.
Әлемде маған сен ғана,
Сезімі үлбір қымбат жан.
Ақжарқын көркін ақ қардай,
Көңілің көркем мақпалдай.
Асығам әр күн көргенше,
Жүректі өртеп, от қармай.

Сезімің шалқар сағымдай,
Мінезін көркем, жаның бай.
Жауһарын берген әлемнің,
Жасаған саған тарылмай.

Жаныңнан жайсаң сыр ұғып,
Жырлайды жүрек құбылып.
Қалса екен мөлдір жырларым,
Кірпіктеріңе ілініп.

Ақын тағдыры

Болғанымен жүректе жыр көп мейлі,
Тіршілік ілік іздеп ілгектейді.
Сау-тамтықсыз сүресің ит өмірді,
Ақындарды тек ажал құрметтейді.

Көбе сөге жазылар жыр парағың,
Өр өлеңге иілер құлша жаның.
Барша әлемнің жүрегің
жылғадай ақын,

Түгендемей табанда ұлтарағын.

Көкірегінде көктемсіз жыр көктеген,
Бұлты басым, шуақтан күнді өткерген.
Кешегі Мұқағали ақыңды да,
Ажал «абыз» емес пе құрметтеген.

Тіршілікте толғана, тулайды ақын,
Өлең өрмес аспанды қылмай жасын.
Тәңірдің тентек ұлы секіденіп,
Жер бетінде құрметке сыймайды ақын.

Болады екен осындай сұлулық та...

Жанарыңның суырып жарқыл бағын,
Қуаныштан шаттандым, жарқылдадым.
Ескен самал деміңнен желіктіріп,
Дүрсілінен кеуденің ән тыңдадым.
Қара шашың тұсаулап сезімді,
Махаббаттың жүректе көзі күлді.
Тербелгенде өр кеуден толқындайын,
Талқандады тепкілеп төзімді.
Арқаладым қайтейін, балдай мұңды,
Жібегінен қазақтың самғайды үлгі.
Мың жігітті қаратып, көз талдырған,
Талшыбықтай мүсінің қандай нұрлы?!

Қос білегің қарлығыш қанатындай,
Саусақтарың бір тылсым, ән атындай.

Болады екен осындай сұлулық та,
Мына ғалам есінен тандайыңдай.

Оңталап БАЗАРАЛЫ,
ақын, Қазақстан Жазушылар және
Журналистер
одағының мүшесі



ТЕҢІЗДЕ ШЫҢДАЛҒАН ТҰЛҒА



Мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақ КСР Балық шаруашылығының бұрынғы министрі, Қызылорда облысы мен Арал ауданының құрметті азаматы Құдайберген Саржанұлы Саржанов теңіз тағдырын арқалаған, балықшы мұның жүрегіне байлаған, елдің ардақтысы еді. Ол саналы ғұмырын туған жеріне арнады, қалай ғұмыр кешуді армандаса, дәл солай өмір сүрді, елінің ерекше ықыласына бөленді. Теңіздің келешегі үшін күрескер атанған ердің өмірден өтуі қалың қазақтың қабырғасын қайыстырды. Өйткені бұл есімді Аралдың тарихынан бөліп қару мүмкін емес.

Құдайберген Саржанұлы 1937 жылы 23 қазанда Арал өңіріндегі балықшы отбасында дүниеге келді. Балалық шағы соғыстан кейінгі ауыр кезеңге жалғасып, әкеден ерте айырылды. Жастайынан еңбекке араласып, теңіз тіршілігін, балықшы өмірінің ғажабы мен азабын жүрегімен сезініп өсті. Гурьевтегі Бүкілодақтық балық шаруашылығы техникумына оқуға түсіп, балық аулау ісін мамандық ретінде тандады. Студенттік жылдарында Қара теңіз, Азов теңізі және Каспий сынды су айдындарында тәжірибеден өтіп, балық кәсібінің қыр-сырын те-

рең меңгерді. Оқу орнын аяқтаған соң туған жеріне оралып, капитан көмекшісі, техник-механик, инженер, бас инженер, өндіріс басшысы секілді жауапты қызметтер атқарды. Арал балық комбинатын басқарды. Кейін партия және кеңес органдарында еңбек етіп, аудан экономикасының дамуына үлес қосты. Білімі, табандылығы мен халық алдындағы беделі оны республикалық деңгейдегі үлкен жауапкершілікке алып келді. 1983-1991 жылдар аралығында Қазақ КСР Балық шаруашылығы министрі қызметін атқарып, саланың өркенде-

уіне айрықша еңбек сіңірді. Осылайша теңізде шыңдалып, қарапайым маманнан министрге дейін көтерілді, биіктеген сайын Аралдан тамырын үзбеді, керісінше, жақындай түсті. Арал мен Балқаш проблемалары жөніндегі халықаралық қоғамдық комитеттің мүшесі болып, экологиялық апат аймағындағы халықтың әлеуметтік қорғалуына бағытталған шешімдер мен заңнамалық бастамаларға үлес қосты. Зейнетке шыққаннан кейін де ол туған жерден және атақесіптен алыстаған жоқ. 2003 жылы «Шарткен-Ата» қоғамдық бірлестігін құрып, Қазақстанның Қызыл кітабына енген Арал қазынының тұқымын сақтап, шабағын өсіру және теңізге қайта жерсіндіру ісіне бар күш-жігерін жұмсады. Қазақта «Жақсы адам үлкейсе көкірегі толы хат болар» деген мақал бар. Ағамыз Арал қаласында Балықшылар музейін ашуға бастамашы болып, туған өлкенің тарихын жинақтады. «Аралдың айтылмаған ақиқаты»,

«Толқынмен алысқан, балықшылар – арыстан» атты еңбектері арқылы өзі куә болған дәуір шындығын, теңіз бен ел тағдырын кейінгі ұрпаққа аманат етті. Министр болған жылдарында да, қызметтен кеткеннен кейін де туған жерінің мұнын аркалап өтті. Аралдың балығын қорғады, қазын көбейтуге күш салды, балық шаруашылығының тарихын жинады. Елдің ертеңі үшін кешегі күннің өнегесін сақтауға тырысты. Құдайберген Саржанұлының ұзақ жылғы абыройлы еңбегі мемлекеттік, салалық және өңірлік марапаттармен бағаланды. Ол үшін ең биік марапат туған елінің сенімі, балықшы қауымының құрметі және халқының ақ батасы болды. Құдайберген Саржанұлының өнегелі өмір жолы – туған жерге адалдық, ел алдындағы жауапкершіліктің және табанды еңбектің өнегесі. Ол теңіздің тартылғанын көрді, алайда оның қайта оралатынына сенді, балық-

шының мұнын мұңдап, олардың жағдайын жақсарту үшін нақты іс атқарды. Өткенді еске алып, тарихтың алтын парағына түсіріп, оны кейінгі ұрпаққа қалдырған ұлы аманатқа айналдырды. Аралдың асжал толқыны мен қоныр тіршілігі, балықшының маңдай тері мен теңізге деген сағынышы Құдайберген ағамыздың бүкіл ғұмырымен біте қайнасты. Оның есімі Арал теңізін сақтау тарихында, елдің балық шаруашылығы шежіресінде және халқының жүрегінде өшпестей болып жазылды. Өмірде адамның көңілінен асқан құнды дүние жоқ екені рас. Содан болар, біздің қазақ «Көңіл көңілден су ішеді» дейді. Жүз көріскенде жүрек жылыса, сөзбен дем бергенде көңіл жібиді. Қаяулы көңілге дем беретін осы – сырлы сөз. Жақынынан айырылып, қайғы жамылған жанның ішіндегі шемен шерін шығару оңай емес. Асыл азаматтың қазасына байланысты отбасы мен туған-туыстарына, ағайын-жұртына, үзеңгілес достары мен әріптестеріне ҚР Премьер-министрінің бірінші орынбасары Нәлібаев Нұрлыбек Машбекұлы, Қызылорда облысының әкімі Ерғешбаев Мұрат Нәлқожаұлы, ҚР Ауыл шаруашылығы министрі Сапаров Айдарбек Сейпілұлы, ҚР Су ресурстары және ирригация министрі Нұржігітов Нұржан Молдиярұлы, ҚР Денсаулық сақтау министрі Әлнауарова Ақмарал Шәріпбайқызы мен мемлекет және қоғам қайраткері Көшербаев Қырымбек Елеуұлы көңіл қосын білдіріп, жеделхат жолдады. Біз де бұл қазаның салмағын сезінеміз. Кеше ғана төрімізде отырған, өткенді айтып, бүгінді бағамдап, ертеңді ойлайтын ағамыз енді жоқ. Халқы жоқтаған қадірлі жанды іздейміз. Бірақ тағдырдың өзгертуге келмейтін жазуы пенденің пешенесіне байланған. Біз Өзіңіздей жанның өмірін өнеге, көңілін мәңгі қорған етеміз. Алла рахымына бөлеп, мәңгілік жайыңызды жұмақ етпей!

Аманжол ОҢҒАРБАЕВ,
Арал ауданының әкімі

Сыр бойының КЕРУЕН ЖОЛДАРЫ

Арал маңы Қарақұмы – ұшы-қиырсыз құмды алқап қана емес, ғасырлар қойнауында сан алуан өркениеттерді тоғыстырған тарихи кеңістік. Оның сусылдаған шағылдары мен көне арналарын оғыз бен қаңлының көштері, моңғол жасақтары, Қытайдан шыққан сауда керуендері, араб елшілері мен жиһанкездері басып өтті. Ұлы Жібек жолының негізгі бағыттарын Сырдарияның төменгі ағысымен, Арал өңірімен, Бұхара, Хорезм және Еділ бойымен жалғастырған көне сүрлеулер Қарақұмды Шығыс пен Батыстың арасындағы маңызды өткел ретінде айықтады.

Қарақұмды кесіп өткен әрбір бағыт белгілі бір тарихи дәуірдің ізін сақтайды. ҚаңлыдәуіріндеСырбойындағы қалалар мен Хорезмді байланыстырған жолдар кейін оғыз мемлекетінің саяси және сауда кеңістігіне қызмет етті. Араб географтары мен саяхатшылары жазбаларында кездесетін Арал маңы бағыттары ислам дүниесін Дешті Қыпшақпен жалғастырды. Моңғол дәуірінде осы сүрлеулер әскери жорықтар мен елшілік қатынастардың жолына айналса, Қытайдан батысқа бет алған тауарлар мен хабарлар да сан таура керуен соқпақтары арқылы Сыр бойына жетіп отырды. XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың басында Ресейдің Орынбор, Ор, Троицк және Әулие Петр бекіністері Орта Азиямен сауда жасайтын ірі орталықтарға айналды. Осы шаһарлардан Бұхараға қарай бет алған, Бұхарадан терістікке қарай қайтқан сансыз керуен жүрген жол ғасырлар бойы сұрыпталған тұтас тіршілік жүйесі болатын. Сол жүйенің өн бойына өзен өткелдері, құдықтар, жайылымдар, көне қоныстар мен керуен аялдайтын тұрақтар тізілді. Сыр бойындағы Майлыбас, Қазалы, Таскешу, Өйтімбет, Тоғысқан, Мүзбел, Қорқыт ата, Кармакшы ата, Ақмешіт секілді көне өткелдер – сол дәуірден қалған үнсіз шежіре. Әр атаудың қойнауында бір керуеннің ізі, бір сапардың сыры, бір заманның тынысы тұнып жатыр. Олар терістіктегі сауда орталықтарын Бұхара мен Ташкентке жалғаған алмағайып кезеңнің көмескі тартпаған куәсіндей бүгінге жетті. Керуеннің алдында талай сын көлденең тұрды. Бір тұста Сырдарияның асау ағысы жол бөгесе, енді бір жерде Қарақұм мен Қызылқұмның шағылдары көштің адымын тұсады. Жолдың бағытын қапшықтық қана белгілеген жоқ. Судың молдығы, шөптің шығымы, құмның көшуі, жылдың мезгілі мен ел ішінің тыныштығы да таразыға түсті. Қысқа жолдың қатері көп, қауіпсіз жолдың машақаты мол. Бірі уақытты үнемдегенімен, жау шабуылына ұрандыруы ықтимал; екіншісі жанды аман сақтағанымен,


сапарды апталап созып жіберетін. Сондықтан керуен үшін жол таңдау тағдыр таңдауымен пара-пар еді. Жуырда қолыма Ресей бас штабының офицері, әскери топограф, дипломат әрі XIX ғасырдың басындағы қазақ даласы туралы аса құнды жазба мұра қалдырған ғалым-зерттеуші Яков Петрович Гаввердовскийдің «Обозрение казахской степи» атты кітабы түсті (Алматы: AmalBooks, 2026. – 348 бет). Аталған кітапты парактаған сайын сарғайған тарихтың көмескі беттері қайта тіріліп, ғасырлар қойнауында қалған керуен сүрлеулері көз алдына келеді. Онда зерттеушінің 1804 жылы жазылған талдамалық еңбектері беріліп, даладағы керуен жолдарының сол кездегі жай-күйі жан-жақты сараланған. Сонымен бірге сауда қауіпсіздігін қамтамасыз ету, өңірдегі тұрақтылықты нығайту және Ресей мен Орта Азия арасындағы экономикалық байланысты дамыту жөніндегі ұсыныстары қамтылған. Яков Гаввердовский 1789 жылдың соңынан 1800 жылға дейін Орынборда және Орынбор шекара шебінде қызмет еткен. Осы жылдар ішінде ол қазақ көшпелілерінің тұрмыс-тіршілігімен, дәстүрлі шаруашылығымен, дала жолдарының ерекшеліктерімен және Орта Азиямен жүргізілген сауда-саттықтың қыр-сырымен жақын танысты. Оның 1803 жылы Бұхараға бет алған Ресейдің сауда-дипломатиялық миссиясына басшылық етуі – өз алдына тағылымды тарих. Кітаптағы мол деректің ішінде менің айрықша назарымды аударғаны – Ресей шекарасынан Сырдарияның сағасы арқылы Бұхараға тікелей тартқан көне керуен жолдары. Сүрлеулердің біраз бөлігі қазіргі Қызылорда облысының аумағын басып өткен. Бүгінде уақыт шаңы көміп, ізі көмескіленгенімен, сол жолдардың бойындағы жер-су атаулары, өткелдер мен көне тұрақтар өткен дәуірдің сырын әлі де ішіне бүгіп жатыр. Сондықтан Сыр өңірінің кең даласын көктей өтіп, терістік пен түстікті жалғаған осы құретамыр жолдар жөнінде Яков Гаввердовскийдің жаз-

баларының кейбір тұстарын өлке тарихын зерттеуші қауыммен, қалың оқырманмен бөлісуді жөн көрдім.

Орынбордан Бұхараға төте жол

Орынбордан Сырдария арқылы Бұхараға төте тартқан бағыт ең қысқа жол саналды. Ауыр жүк артқан түйелер бұл аралықты үш жарым-төрт аптада өңсерді. Ал Хиуаны айналып өтетін сапарға кемінде 37 күн қажет болды. Бірақ 1794 жылдан кейін даладағы шабуылдардың көбеюі саудагерлердің бұл бағытқа деген сенімін сейілтті. Орынбор айырбас сарайынан ұзап шыққан керуен күнгей-шығысты бетке алды. Төртқара жолбасшылары көшті Ұлы Ырғыз өзені мен Көкдомбақ тауы арқылы Сырдариядағы Майлыбас өткеліне жеткізді. Қуандарияны Табын тұсында, Жаңадарияны Сырлытам маңында кешіп өтті. Шекті жолбасшылары батысқа таман ойысқан бағытты таңдады. Бұл жол Жемнің жоғарғы ағысын, Үлкен және Кіші Борсық құмдарын, қамыс көмкерген көлдерді басып, Арал теңізінің Шығанақ қойнауын жағалады. Одан әрі керуен Сырдариядағы Таскешу не-

месе Қазалы өткеліне табан тіреді. Күзге қарай Мұғалжар асулары белгілі бір қиындықтар туындатса да, бұл өңірде су мен жайылым қашанда жеткілікті. Орынбордан аттанған керуен Сырдарияға екі аптаның ішінде жетіп үлгерді. Алайда дариядан өту – ең ауыр кезеңнің басталуы. Өзеннің арғы бетінде ені шамамен 256 шақырымға (240 верст) созылған Қызылқұм көлбеп жатыр. Күнге шағылысқан сусымалы құм табаннан тартып, көліктің күшін сарқып, жүрісті өнбейтін азапқа айналдырады. Биік шағылдардың арасымен түзу жол салу мүмкін емес. Сондықтан керуендер жел мен уақыт қалыптастырған ирелең ойпаттарды қуалай ілгерілейді. Құла дүзде малға талғажау болар көк те, күн қызғанда сая болар бұта да табыла бермейтін. Шөлге кірер алдында керуеншілер су қорын мұқият қамдайды. Ресей жақтан келгендер Жаңадариядан, Бұхарадан шыққандар Бұқан құдығынан су алады. Қызылқұмда ұзақ кідіруге болмайды. Керуен тәулігіне небәрі екі сағат аялдап, түйелердің жүгі түсіріледі, жылқыға аз ғана су береді. Мал жайылымға жіберілмейді. Күндіз құм табаннан қыздырып, төбеден күн от



шашса, түнде шөлдің ызғары сүйектен өтеді. Қызылқұмды түйелі керуен үш тәулікте, салт аттылар екі тәулікте кесіп шығады. Бірақ шөл қысып, кірпік ілмеген жолаушыға сол екі-үш күннің өзі бітпейтін бір ғасыр іспеттес. Құм теңізінің ортасындағы Бұқан құдығы алыстан көрінген үміт шырағындай еді. Таспен өріліп, тереңнен қазылған құдықтың мөлдір суы мың адам мен мың жылқыны бір тәулік сусындатуға жеткен деседі. Сарғайған далада бір тамшы суга зар болған жолаушы үшін бұл құдық тіршіліктің қайнарындай көрінеді. Бірақ алда тағы бір ауыр сын күтіп тұрды. Иллер таулары, отыз шақырымға созылған Бақанқұм мен Бұдбұлық асулары жолаушылардың жігерін тағы сынайды. Жіңішке соқпақтар құлама беткейлер мен төңіп тұрған жартастардың арасын жарып өтті. Сусымалы құмға тізесіне дейін батқан түйелер әр қадамын зорға басты. Үстіндегі жүгі бір жағына ауып кетсе, тар шатқалда оны түзетудің өзі қатерге айналады. Шығыстағы айналма жолдың жері тегістеу болғанымен, суы тапшы. Онымен жүрген керуен сапарын үш күнге ұзартып алады. Сондықтан уақыт пен шығынды есептеген саудагерлер ауыр болса да, төте бағытты артық санайтын. Талай бейнетті артқа тастаған көш Зарафшан мен Вобкент арқылы Бұхара қақпасына жетеді. Өлшемдерге қарағанда Сырдария мен Бұхараның арасы шамамен 500 шақырымдай.

Ор бекінісінен шыққан керуендер

Ор бекінісінен Жаңадарияға дейінгі жолдың бұлыңғыр тұстары көп. Әрбір керуен бұрын ешкім жүрмеген жаңа жолмен жүруге тырысты. Су көзі тар-тылып немесе құм көшіп кетсе, жолбасшы өзге бағыт іздеді. Ел арасы тыныш болмаса, қауіпсіздеу сүрлеуге бұрылды. Әр сапардың бағытын төртқара, шөмекей немесе жаппас жолбасшылары белгіледі. Саудагерлер шөмекей жолбасшыларына, әсіресе Желдер (Сөйін) аталығының өкілдеріне зор сенім артты. Даланың әр қыртысын жатқа білетін олар керуенді Тоғысқанға қарай бастайды. Көш бірде Қоңыр-төбені басып төте тартса, енді бірде Қамысақтыны жағалап, Ырғыздың жоғарғы ағысы, Қарашатау мен Торғай арқылы айналып өтеді. Одан әрі Ақсақалбары көлі, Атағай-Шығанақ, Бірлікқұм мен Қарақұм артта қалып, керуен Сырдариядағы Таскешуге келіп тоқтайды. Қуандариядан Өйтімбет, Жаңадариядан Қарасақал тұсында өтеді. Жалпы Тоғысқанға дейінгі жазықтың жайылымы мол. Су жол бойындағы құдықтардан және сорлардың маңына көктемде жиналған ойпаңдардан алынды. Қарашатау төңірегіндегі тұщы бұлақтар, қамысты аңғарлар мен айдын көлдер ұзақ жолдан қажыған адамдар мен малға тыныс береді.

Қали ОМАРОВ,
география ғылымдарының
кандидаты, ҚР Тарих
және қоғамдық ғылымдар
академиясының толық мүшесі.

(Жалғасы бар)

/// МЕРЕЙ

ТОҚСАННЫҢ ТОЛҒАУЫ

Қаламын серік етіп, жарты ғасырдан астам журналистика саласында тер төккен ардагер журналист, жазушы-сатирик Қайырбек Мырзахметұлын 90 жасқа толуымен аймақ басшысының атынан облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы Руслан Қаюпов құттықтап, ардагерге құрмет көрсетіп, иығына шапан жапты.



Сондай-ақ облыстық ардагерлер кеңесінің атынан Күләй Ермағамбетова мен Жұмабек Әлиев мерейтой иесіне ақжарма тілектерін жеткізді. Кеңес төрағасы Серік Дүйсенбаевтың құттықтау хатын табыстап, ізгі ниеттерін білдірді.

Қайырбек Мырзахметұлын әріптестері де арнайы барып құттықтады. «Сыр медиа» ЖШС бас директоры Марат Аралбаев, «Сыр бойы» газетінің бас редакторы, Қазақстан Журналистер одағы облыстық филиалының төрағасы Қуат Шарабидинов және сала ардагерлері Кенжалы Ерімбетов пен Бақыт Қайымов қаламгерге баспадан күні кеше ғана жарық көрген «Армысың, 90!» атты жаңа кітабын тарту етті.

Бұл – мерейтой иесінің шығармашылық жолындағы кезекті еңбегі. Өмірінің елу жылдан астам уақытын облыстық «Сыр бойы» газетіне арнаған ол журналистиканың ыстығына күйіп, суығына тонып, өңірдің тыныс-тіршілігін, ел ішіндегі елеулі оқиғаларды қаламына арқау етті. Жылдар бойы оқырманмен бірге қуанып, елдің мұң-мұқтажын, қоғамдық мәселелерді көтерді.

«СБ» ақпарат

/// БҮГІН – ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ ТІЛДЕРІ КҮНІ

АНА ТІЛІН ҰЛЫҚТАҒАН ТАҒЫЛЫМДЫ ШАРА

Қызылорда қаласындағы «Бегім ана» бөбекжай балабақшасында 5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күніне арналған «Қазақшаң қалай, балақай?» атты танымдық іс-шара өтті. Мақсат – өскелең ұрпақтың бойына ана тілін құрметтеу сезімі мен ұлттық құндылықтарды сіңіру. Сондай-ақ балаларға ақындар мен күйшілердің мұрасын дәріптеу, ана тілінде еркін сөйлеу дағдысын қалыптастыру.



Телебағдарлама «Балауса» тобының орындауындағы «Ана тілім – жарық күн» әнімен басталды. Алғашқы бөлімде балалар Абай Құнанбайұлының шығармашылығы туралы білімін көрсетіп, ақын өлеңдерін жатқа айтты. Сонымен бірге Құрманғазы Сағырбайұлы мен Дина Нұрпейісованың күй өнеріндегі орны туралы сұрақтарға жауап берді. «Ұлттық қазына» бөлімінде бүлдіршіндер ұлттық тағамдар, киімдер, ойындар мен музыкалық аспаптарды ажыратып, жеті ата дәстүрі туралы білгенін ортаға салды. «Көңілді ырғақ» арқылы ұлттық аспаптардың әуенімен өнер көрсетті. «Сықырлы сандық» бөлімінде балалар торсық, асық, домбыра секілді ұлттық бұйымдармен танысты. Әр бұйымның ерекшелігі мен тұрмыстағы маңызын айтып берді. Бұдан соң «Қуаныш» тобы «Домбыра» әнін шырқап, көпшіліктің көңілін сергітті.

Бағдарламада қазақтың салт-дәстүрлері де кеңінен камтылды. Балалар бесікке

салу, тұсаукесер секілді дәстүрлердің мәнін айтып, ұлттық тәрбиенің маңызын көрсетті. «Мақал – сөздің мәйегі» бөлімінде бүлдіршіндер халық даналығынан туған мақал-мәтелдерді жалғастырып, тіл байлығын сынады. Ал «Өнеге отбасынан» бөлімінде үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету, сыпайы сөйлеу мәдениеті туралы әңгіме өрбіді. «Балауса» тобы «Не деу керек?» атты шағын қойылым ұсынып, әдептілік үлгісін көрсетті. Бағдарлама соңында бүлдіршіндер ана тілін, ұлттық өнер мен дәстүрді қастерлейтінін әнімен жеткізді.

Ұлттық тәрбие мен ана тіліне құрметті баланың бойына жастайынан сіңіру – ел болашағына жасалған маңызды қадам. Мектепке дейінгі білім беру ұйымындағы бұл телебағдарлама осы бағыттағы тәрбиелік мәні зор шаралардың бірі болды.

Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

«ОТХК» БК» ЖШС «Түркістан облысының Созак ауданында және Қызылорда облысының Шиелі ауданында орналасқан 2026 және 2027 жылдарға арналған технологиялық құбыр жолдар мен қышқыл құбыр жолдарын салу (құрылысын жүргізу)» жобасы бойынша (Қызылорда облысының шегінде) оңайлатылған тәртіппен қоршаған ортаға әсер етуге экологиялық рұқсат алуға арналған өтінім материалдары бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды.

Қоғамдық тыңдауларға «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі (КОҚ), жол берілетін шығарындылар нормативтерінің жобасы (ЖШН), қалдықтарды басқару бағдарламасы (КББ), өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы (ӨЭББ), қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары (КОҚІЖ) ұсынылады.

Әсер етуі ықтимал аумақ: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Жуантөбе ауылдық округі, «Оңтүстік Инкай» кенішінің аумағы. Ең жақын елдімекен – Алғабас ауылы.

Әсер ету аумағының географиялық координаттары: 44°17'33,94" солтүстік ендік, 66°43'26,76" шығыс бойлық.

Қоғамдық тыңдаулар 2026 жылғы 15 қазанда сағат 12:00-де мына мекенжай бойынша өткізіледі: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Жуантөбе ауылдық округі, Алғабас ауылы, Әзімхан Исмаилов көшесі, 35-ғимарат, пошта индексі 120705.

Тыңдаулар Zoom бейнеконференц байланысы арқылы онлайн қосылу мүмкіндігімен ашық жиналыс нысанында өткізіледі.

Онлайн қосылуға арналған сілтеме: <https://us05web.zoom.us/j/84032571399?pwd=dG5jYchaS2tK7ZPqnOk7Bwj16xmnNgN.1>

Конференция идентификаторы: 840 3257 1399.

Кіру коды: 123456.

Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімі бойынша ашық жиналыстың өткізілу мерзімі қатарынан бес жұмыс күніне дейін ұзартылуы мүмкін.

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «ОТХК» БК» ЖШС, БСН 140840001183. Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 160019, Шымкент қаласы, Д.Қонаев даңғылы, 23А. Телефон: +7 (7252) 99-73-93. Электрондық поштасы: info@ughk.kazatomprom.kz.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: «SAAF Group» ЖШС, БСН 051240000642. Мекенжайы: Шымкент қаласы, Бәйдібек би даңғылы, 116, 7/14 үй-жай. Телефон: +7 702 092 70 88. Электрондық поштасы: saafgroup@list.ru.

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын материалдармен Бірыңғай экологиялық порталда <https://hearings.ndbecology.gov.kz/>, сондай-ақ Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының ресми интернет-ресурсында танысуға болады: <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat?lang=kk>.

Жоспарланған қызмет, қоғамдық тыңдаулардың өткізілуі туралы қосымша ақпаратты және тиісті құжаттардың көшірмелерін +7 (7252) 99-73-93 телефоны және info@ughk.kazatomprom.kz электрондық поштасы арқылы, сондай-ақ әзірлеушінің алуға болады: +7 702 092 70 88, saafgroup@list.ru.

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын материалдар бойынша ескертулер мен ұсыныстар жазбаша немесе электрондық түрде Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасында қабылданады. Мекенжайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 1-құрылыс, пошта индексі 120003; электрондық пошта мекенжайлары: prd@korda.gov.kz, prd@vmail.kz, a.koskhanova@vmail.kz; телефон: +7 (7242) 60-53-69.

ОБЪЯВЛЕНИЕ О ПРОВЕДЕНИИ ОБЩЕСТВЕННЫХ СЛУШАНИЙ

ТОО «СП «ЮГХК» объявляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по материалам к заявке на получение экологического разрешения на воздействие в рамках упрощенного порядка по проекту «Строительство (сооружение) технологических трубопроводов и кислотопроводов на 2026 и 2027 гг., расположенных в Сузакском районе Туркестанской области и Шиилийском районе Кызылординской области» (в пределах Кызылординской области).

На общественные слушания выносятся: раздел «Охрана окружающей среды» (ООС), проект нормативов допустимых выбросов (НДВ), программа управления отходами (ПУО), программа производственного экологического контроля (ПЭК), план мероприятий по охране окружающей среды (ПМООС).

Территория, на которую может быть оказано воздействие: Кызылординская область, Шиилийский район, Жуантобинский сельский округ, территория рудника «Южный Инкай». Ближайший населенный пункт – село Алғабас.

Географические координаты территории воздействия: 44°17'33,94" северной широты, 66°43'26,76" восточной долготы.

Общественные слушания состоятся 15 октября 2026 года в 12:00 часов по адресу: Кызылординская область, Шиилийский район, Жуантобинский сельский округ, село Алғабас, улица Азимхана Исмаилова, здание 35, почтовый индекс 120705.

Слушания проводятся в форме открытого собрания с возможностью онлайн-подключения посредством видеоконференц связи Zoom.

Ссылка для подключения: <https://us05web.zoom.us/j/84032571399?pwd=dG5jYchaS2tK7ZPqnOk7Bwj16xmnNgN.1>

Идентификатор конференции: 840 3257 1399.

Код доступа: 123456.

Срок проведения открытого собрания по решению участников общественных слушаний может быть продлен до пяти последовательных рабочих дней.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «СП «ЮГХК», БИН 140840001183. Адрес: Республика Казахстан, 160019, город Шымкент, проспект Д.Кунаева, 23А. Телефон: +7 (7252) 99-73-93. Электронная почта: info@ughk.kazatomprom.kz.

Разработчик проектной документации: ТОО «SAAF Group», БИН 051240000642. Адрес: город Шымкент, проспект Бәйдібек би, 116, помещение 7/14. Телефон: +7 702 092 70 88. Электронная почта: saafgroup@list.ru.

С материалами, выносимыми на общественные слушания, можно ознакомиться на Едином экологическом портале <https://hearings.ndbecology.gov.kz/>, а также на официальном интернет-ресурсе Управления природных ресурсов и регулирования природопользования Кызылординской области: <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat?lang=ru>.

Дополнительную информацию о намечаемой деятельности, проведении общественных слушаний и копии соответствующих документов можно получить по телефону +7 (7252) 99-73-93 и электронной почте info@ughk.kazatomprom.kz, а также у разработчика: +7 702 092 70 88, saafgroup@list.ru.

Замечания и предложения по материалам, выносимым на общественные слушания, принимаются в письменной или электронной форме Управлением природных ресурсов и регулирования природопользования Кызылординской области по адресу: город Кызылорда, улица Бейбарыс Сұлтан, строение 1, почтовый индекс 120003; электронные адреса: prd@korda.gov.kz, prd@vmail.kz, a.koskhanova@vmail.kz; телефон: +7 (7242) 60-53-69.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

«Оңтүстік тау-кен химиялық компаниясы» БК» ЖШС («ОТХК» БК» ЖШС) «Түркістан облысының Созак ауданында және Қызылорда облысының Шиелі ауданында орналасқан «Оңтүстік Инкай» кенішінде 2026-2028 жылдарға арналған технологиялық блоктарды байлау» жобасы бойынша (Қызылорда облысының шегінде) оңайлатылған тәртіппен қоршаған ортаға әсер етуге экологиялық рұқсат алуға арналған өтінім материалдары бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды.

Қоғамдық тыңдауларға «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі (КОҚ), жол берілетін шығарындылар нормативтерінің жобасы (ЖШН), қалдықтарды басқару бағдарламасы (КББ), өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы (ӨЭББ), қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары (КОҚІЖ) ұсынылады.

Әсер етуі ықтимал аумақ: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Жуантөбе ауылдық округі, «Оңтүстік Инкай» кенішінің аумағы. Ең жақын елдімекен – Алғабас ауылы.

Әсер ету аумағының географиялық координаттары: 44°17'33,94" солтүстік ендік, 66°43'26,76" шығыс бойлық.

Қоғамдық тыңдаулар 2026 жылғы 15 қазанда сағат 10:00-де мына мекенжай бойынша өткізіледі: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Жуантөбе ауылдық округі, Алғабас ауылы, Әзімхан Исмаилов көшесі, 35-ғимарат, пошта индексі 120705.

Қоғамдық тыңдаулар Zoom бейнеконференц байланысы арқылы онлайн қосылу мүмкіндігімен ашық жиналыс нысанында өткізіледі.

Онлайн қосылуға арналған сілтеме: <https://us05web.zoom.us/j/84032571399?pwd=dG5jYchaS2tK7ZPqnOk7Bwj16xmnNgN.1>

Конференция идентификаторы: 840 3257 1399.

Кіру коды: 123456.

Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімі бойынша ашық жиналыстың өткізілу мерзімі қатарынан бес жұмыс күніне дейін ұзартылуы мүмкін.

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «ОТХК» БК» ЖШС, БСН 140840001183. Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 160019, Шымкент қаласы, Д.Қонаев даңғылы, 23А. Телефон: +7 (7252) 99-73-93. Электрондық поштасы: info@ughk.kazatomprom.kz.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: «SAAF Group» ЖШС, БСН 051240000642. Мекенжайы: Шымкент қаласы, Бәйдібек би даңғылы, 116, 7/14 үй-жай. Телефон: +77020927088. Электрондық поштасы: saafgroup@list.ru.

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын материалдармен Бірыңғай экологиялық порталда <https://ndbecology.gov.kz/>, сондай-ақ Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының ресми интернет-ресурсындағы «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде танысуға болады: <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat>.

Жоспарланған қызмет және қоғамдық тыңдаулардың өткізілуі туралы қосымша ақпаратты алуға, сондай-ақ жоспарланған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін сұрауға болады: +7 (7252) 99-73-93, info@ughk.kazatomprom.kz; құжаттаманы әзірлеушінің телефон: +77020927088, электрондық поштасы: saafgroup@list.ru.

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар бойынша ескертулер мен ұсыныстар жазбаша немесе электрондық түрде Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасында қабылданады. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 1-құрылыс, пошта индексі 120003; электрондық пошта мекенжайлары: prd@korda.gov.kz, prd@vmail.kz, a.koskhanova@vmail.kz; телефон: +7 (7242) 60-53-69.

ОБЪЯВЛЕНИЕ О ПРОВЕДЕНИИ ОБЩЕСТВЕННЫХ СЛУШАНИЙ

ТОО «СП «Южная горно-химическая компания» (ТОО «СП «ЮГХК») объявляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по материалам к заявке на получение экологического разрешения на воздействие в рамках упрощенного порядка по проекту «Обвязка технологических блоков на 2026-2028 годы на руднике «Ожный Инкай» в Сузакском районе Туркестанской и Шиилийском районе Кызылординской области (в пределах Кызылординской области)».

На общественные слушания выносятся: раздел «Охрана окружающей среды» (ООС), проект нормативов допустимых выбросов (НДВ), программа управления отходами (ПУО), программа производственного экологического контроля (ПЭК), план мероприятий по охране окружающей среды (ПМООС).

Территория, на которую может быть оказано воздействие: Кызылординская область, Шиилийский район, Жуантобинский сельский округ, территория рудника «Ожный Инкай». Ближайший населенный пункт – село Алғабас.

Географические координаты территории воздействия: 44°17'33,94" северной широты, 66°43'26,76" восточной долготы.

Общественные слушания состоятся 15 октября 2026 года в 10:00 часов по адресу: Кызылординская область, Шиилийский район, Жуантобинский сельский округ, село Алғабас, улица Азимхана Исмаилова, здание 35, почтовый индекс 120705.

Общественные слушания проводятся в форме открытого собрания с возможностью онлайн-подключения посредством видеоконференц связи Zoom.

Ссылка для онлайн-подключения: <https://us05web.zoom.us/j/84032571399?pwd=dG5jYchaS2tK7ZPqnOk7Bwj16xmnNgN.1>

Идентификатор конференции: 840 3257 1399.

Код доступа: 123456.

Срок проведения открытого собрания по решению участников общественных слушаний может быть продлен до пяти последовательных рабочих дней.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «СП «ЮГХК», БИН 140840001183. Адрес: Республика Казахстан, 160019, город Шымкент, проспект Д. Кунаева, 23А. Телефон: +7 (7252) 99-73-93. Электронная почта: info@ughk.kazatomprom.kz.

Разработчик проектной документации: ТОО «SAAF Group», БИН 051240000642. Адрес: город Шымкент, проспект Бәйдібек би, 116, помещение 7/14. Телефон: +7 702 092 70 88. Электронная почта: saafgroup@list.ru.

С материалами, выносимыми на общественные слушания, можно ознакомиться на Едином экологическом портале <https://ndbecology.gov.kz/>, а также на официальном интернет-ресурсе Управления природных ресурсов и регулирования природопользования Кызылординской области в разделе «Общественные слушания»: <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat>.

Дополнительную информацию о намечаемой деятельности и проведении общественных слушаний, а также копии документов, относящихся к намечаемой деятельности, можно получить по телефону +7 (7252) 99-73-93 и электронной почте info@ughk.kazatomprom.kz. Контактные данные разработчика документации: телефон +7 702 092 70 88, электронная почта saafgroup@list.ru.

Замечания и предложения по документам, выносимым на общественные слушания, принимаются в письменной или электронной форме Управлением природных ресурсов и регулирования природопользования Кызылординской области по адресу: Кызылординская область, город Кызылорда, улица Бейбарыс Сұлтан, строение 1, почтовый индекс 120003; электронные адреса: prd@korda.gov.kz, prd@vmail.kz, a.koskhanova@vmail.kz; телефон: +7 (7242) 60-53-69.

 www.facebook.com/syrboyi.kz/		 https://twitter.com/syrboyi		 www.instagram.com/syrboyi_kz			
Меншік иесі  жауапкершілігі шектеулі серіктестігі		Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053) Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037) Бөлімдер: руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040) экономика – 40-11-10 (1038, 1033) әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034) жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058) есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38 компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)		Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» - ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.		Газет аптаның сейсенбі, бейсенбі, сенбі (<i>сенбілік екі нөмір</i>) күндері шығады. Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылады. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.	
Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 “А”.		e-mail: syрboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz		Таралымы 19663			
				Тапсырыс №1525			
				Кезекші редактор Ғазиза ӘБІЛДА			

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
КР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсыры бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақилы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптаның сейсенбі, бейсенбі, сенбі (*сенбілік екі нөмір*) күндері шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/72